

# Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 1424 Call-орталығының қызметі туралы ақпарат



## Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 1424 Call-орталығының қызметі туралы ақпарат

### CALL ОРТАЛЫҒЫ қоңырау шалу тегін

Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінде (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Call-орталық жұмыс істейді, оның негізгі міндеті сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша азаматтарды тегін консультациялық қолдау және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы телефон хабарламаларын қабылдау болып табылады.

#### *Азаматтарға кеңес беру:*

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке кіру;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өндірісіндегі өтініштер мен хабарламаларды қарау барысы туралы;
- Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзге де жолмен жәрдемдесетін адамдарды көтермелеу;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер.

*Хабарламаларды қабылдау:*

- сыбайлас жемқорлық фактілері туралы, соның ішінде жасалған немесе дайындалып жатқан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) туралы;
- кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау мәселелеріне қатысты;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен іздеудегі адамдар туралы мәліметтер;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет қызметіне қатысты (пікірлер, ұсыныстар)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің  
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Call-орталығының жұмыс кестесі

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері бойынша азаматтарды ақпараттандыру және кеңес беру:

Дүйсенбі – Жұма 09: 00-20:00

Сенбі 09:00-13:00

Жексенбі – демалыс

*(Азаматтардың назарына! Туындаған барлық мәселелер бойынша Call-орталығының жұмыс уақытынан тыс уақытта сіз қызықтыратын сұрақты, аты-жөніңіз бен телефон нөміріңізді көрсете отырып, дауыстық хабарлама қалдыра аласыз. Біз сізге міндетті түрде қоңырау шаламыз)*

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар және дайындалып жатқан қылмыстар туралы хабарламаларды қабылдау:

Тәулік бойы